

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Аналар кеңесі

№ 9 ХАТТАМА

4.03.2021жыл

Төрайым: Жантаева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар: Ұстаздар, студенттер және зиялы қауым өкілдері,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, э.ғ.к., доцент Наурызбекова Альмара Еркінқызы, Мемлекет және қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы, облыстық маслихат депутаты Рысбаева Сәуле Махшанқызы, «Философия» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлхан Болатқызы, п.ғ.д., профессор Абдықадырова Тұрсынай Рыстайқызы, «Көркем графика және дизайн» кафедрасының студенттері, «Қыз жібек» клубының жетекшілері.

КҮН ТӨРТБІНДЕ**«ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ» ТАҚЫРЫБЫНДА АРАЛАС ФОРМАТТА ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

Сөз Алды: Модератор Тұрсынай Рыстайқызы «Қызым үйде, қылығы түзде» дейді екен бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен не болмаса «Қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі - өнеге көрсету қажет. екендігін баяндап құттықтау сөзді университетінің тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, э.ғ.к., доцент Наурызбекова Альмара Еркінқызына, Мемлекет және қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы, облыстық маслихат депутаты Рысбаева Сәуле Махшанқызына берілді. Тәрбиесі түзу қыз баладан ана бейнесі келіп шығады. Тәрбиенің түзу болуына отбасындағы ата, әже, әке, ана бейнелері ықпал еткен. Мәселен, абыройлы, қадірлі әке – қыздың тәрбиесінің іргетасы. Әке сыйлаған қыз күйеуін сыйлауға қабілетті болады. Анасын қадірлеген адам ана атаулыны құрметтейді.

Сүйінбай жырау жырлағандай: жақсы әйел әм жұрттың анасындай. Ең бастысы ана тәрбиесі арқылы ұлттық болмыстың қалпы бұзылмады. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек "алып анадан туады" дегендей, сансыз батыр бабаларымыздың тұлғасы да аналарымыздың тәрбиесін паш етеді.

Сондай-ақ халқымыз қыздардың ақылдығына, тектілігіне баса мән берген. Сонымен қоса қыздың сыртқы көркіне көз тастап тұрып ішкі жан дүниесіне, рухани байлығына да зер сала білген.

"Ақылды әйел ізде, іздесең сен, есті болса, төрт құбылаң теңелер" деп жазыпты Жүсіп Баласағұн бабамыз.

Дана Абай:

Жасаушы деп, малды деп байдан алма,

Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма, – деп өсиет айтылды.

Баяндама оқу үшін сөз кезегі «Философия» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлхан Болатқызы, п.ғ.д., берілді, баяндаманың

тақырыбы «Заманауи қоғамдағы заманауи әйел болмысы» презентация мен тақырыптық бейнероликтер көрсетілді.

Сөз Алды: Модератор Рыстайқызы Бұрым – бойжеткеннің көркі. Қазақта қыз баланың ас әзірлеу, шай құю, тоқыма тоқу, ою-өрнек, төсек жинау тағы да сол сияқты үй шаруасына икемді болуына аса мән берген. Оның еңбексүйгіш, өнерлі әрі көрікті болып өсуіне анасы ерекше көңіл бөлген.

"Аттың көркі – жалы, қыздың көркі – шашы" деп қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Ол үшін оның шашын айранмен, қынамен жудырған. Шаштарын "қос бұрым" немесе "бестемше" етіп өру бойжеткен қыздың көркі болған. Қазақ халқы жырларында "Шашының ұзындығы ізін басқан", "Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген", "Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты", "Қаз омырау кеудеге, құлап түссе қос бұрым" деп қыздарының шаштарын керемет суреттеген.

Іс –шараның соңында «Көркем графика және дизайн» кафедрасының студенттерінің көрмесі және сурет салуы топтамасы мен «Қыз жібек» клубының жетекшілері «Бұрымды қыз» бағытындағы көрініс қыздардың бұрымдарын әртүрлі өрулермен алдын -ала қойылып ұйымдастырылды..



**Шешімі:**

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын және университет сайтына ұсынылып өткізілсін

Төрайым _____ Жантаева А.М.
Хатшы _____ АЙНАБЕКОВА И.Т.

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті

Аналар кеңесі

№ 10 ХАТТАМА

09.05.2020 жыл

Төрайым: Жантаева А.
Хатшы: Айнабекова И.Т

Қатысқандар:

Жамбыл облысының құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әшірбек Сарсенбиев, аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

9-мамыр Жеңіс күніне арналған салтанатты мереке қарсаңында аналар кеңесінің мүшелері Ұлы Отан соғысының ардагері 101 жасқа келген Әшірбек Сарсенбиев қарияны төл мерекесімен құттықтады.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бірнеше жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күнітүні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақынжарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. 1945 жылдың 9 мамыры - бұл ұлты мен дініне қарамастан барлық елдердің адамдары үшін ең жарқын, баршаға ортақ болған жеңіс күні. Қазіргі уақытта 9 мамыр - бұл соғысты бастан кешкендерді еске алу және болашақ ұрпаққа бейбітшілікті аманат ету күні.

Жылдар өтіп 1945 жылдың мамырынан алыстап бара жатқан сайын, қатарымызда балалары мен немерелерінің болашағы үшін ұшқан оққа кеудесін тосқан ардагерлер саны сиреп барады.

**Шешімі:**

1. Университетімізде осындай іс шаралардың жиі өткізіліп тұруы қарастырылсын және университет сайытына ұсынылып өткізілсін

Төрайым
Хатшы

Жантаева А.М.
АЙНАБЕКОВА И.Т.